

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 620 Жарлығы  
*Қазақстан Республикасы Президенті*  
*мен Үкіметі актілерінің жинағында*  
*жариялануға тиіс*

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат; № 38, 430-құжат; 2008 ж., № 24, 226-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 49-құжат; № 27-28, 234-құжат; № 29, 249-құжат; 2010 ж., № 50, 453-құжат; 2012 ж., № 10, 189-құжат; № 36, 476-құжат; № 72-73, 1051-құжат; 2013 ж., № 22, 351-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік комиссия өз қызметін Мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітетін, мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша жұмыс органы жасайтын тоқсан сайынғы жоспарлар негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік комиссияның қарауына шығару үшін ұсынылған мәселелер мүдделі мемлекеттік органдармен міндетті түрде келісіледі. Республикалық бюджеттен қаражат бөлуді көздейтін мәселелер бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен міндетті келісуге жатады.

Мүдделі мемлекеттік органдардың арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мәселе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жетекшілік ететін орынбасарында қаралады, оның қараудың қорытындысы бойынша жұмыс органы Мемлекеттік комиссия төрағасының атына осы мәселені Мемлекеттік комиссияның отырысына шығару не шығармау туралы хат жолдайды.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК